

КЕ АҚ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Тарих факультеті
Дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы

Пән атауы коды, атауы: 101760 Қазақстан және шетелдік библиография

Қорытынды емтихан бағдарламасы

Мамандығы: 6В03205 – Кітапханалық ақпараттық жүйелер

Курсы - 2
Кредит саны - 9
Семестр - көктемгі

Алматы 2025 ж.

Емтихан бағдарламасын «6B03205 – Кітапханалық ақпараттық жүйелер» мамандығының жұмыс оқу жоспары және білім беру бағдарламасы пәндерінің каталогы негізінде т.ғ.к., аға оқытушы Б.С. Асанова құрастырды.

Дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану
кафедрасы мәжілісінде қаралды және ұсынылды
« _____ » _____ 2025ж., хаттама № _____

Кафедра меңгерушісі _____ Р.С. Мырзабекова

Факультеттің Ғылыми кеңесінде ұсынылды

« _____ » _____ 2025 ж., хаттама № _____

Ғалым хатшы _____

Н.А.Тасилова

Емтихан өткізу платформасы: Univer АЖ

Емтихан өткіу формасы: Стандартты.

Емтихан түрі: Жазбаша (оффлайн).

Емтихан өткізу технологиясы бойынша нұсқаулық:

Емтихан студенттер мен оқытушыларға алдын-ала белгілі кесте бойынша өткізіледі.

Білім алушы міндетті:

1. Емтихан басталмас жеке басын куәландыратын құжатты көрсету. Жеке куәлік болуы қажет.

Жеке басын куәландыратын құжаттар болмаған жағдайда білімалушы емтиханға жіберілмейді! Жалған тұлға анықталған кезде тәртіптік жауаптылыққа жалған тұлға да, білім алушының өзі де тартылады;

2. Әрбір емтихан сұрағына жауап нақты, анық болуы тиіс.

Ұзақтығы: 2 сағат.

Тыйым салынады:

1. Емтихан кезінде рұқсат етілмеген қосалқы материалдар мен құралдарды (шпаргалкалар, ұялы телефондар (қосылған немесе ажыратылған), смарт-сағатты, өзге де электрондық құрылғыларды және т. б.) алып жүруге;

2. Шу, сөйлесу, орнынан тұру;

6. Кітаптарды, жобаларды, калькуляторларды тиісті рұқсат қағазынсыз пайдалануға.

ЕМТИХАН ТАПСЫРУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША:

1. Емтихан комиссиясы және оқытушы емтиханға қатысушыларды аттестаттайды.

2. Univer АЖ қорытынды тізімдемесіне балл қояды. Ауызша емтихан үшін аттестаттау тізімдемесіне балл қою уақыты – 48 сағат. АМД шешімі бойынша ұзақтығын қайта қарау мүмкін.

ЕМТИХАН НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

«Өте жақсы» - теориялық сұрақтарға дұрыс және толық жауаптар берілген; практикалық тапсырма толығымен шешілген; материалдар логикалық жүйелілігіне сәйкес, сауатты берілген; шығармашылық қабілеттері көрсетілген

«Жақсы» - теориялық мәселелер дұрыс, бірақ толық емес жауаптар, мәнсіз қателіктері немесе дәлсіздіктер кездеседі; практикалық тапсырма орындалған, алайда жіберілген болмашы қателік кездеседі; материалдар логикалық сауаттылықпен жасалаған.

«Қанағаттанарлық» - жауаптар теориялық сұрақтар негізінен дұрыс, бірақ толық емес, дәлсіздік және логикалық қателік кездеседі; тәжірибелік тапсырма толық емес; материалы сауатты, бірақ логикалық жүйелілігі қарастырылмаған.

«Қанағаттанарлықсыз» - жауапта теориялық сұрақтарға байланысты өрескел қателіктер жіберілген; практикалық тапсырма орындалмаған; баяндау жауабында грамматикалық, терминологиялық қателіктер жіберілген, логикалық жүйелілік сақталмаған.

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Сандық эквивалент	Балл (%-дық мазмұны)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	
A-	3,67	90-94	Өте жақсы
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	Қанағаттанарлық
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	

Қорытынды емтихан бағдарламасы

Кіріспе

Курс мақсаты: студенттерді Қазақстан және шетелдік библиографияның жалпы теориялық, ұйымдастырушылық, әдістемелік және тарихи аспектілерімен таныстыруға бағытталған.

Бұл курсты оқу барысында білім алушы: шетелдік, отандық библиографияның пайда болу тарихы мен қалыптасуы, Қазақстан библиографиясының өзара байланыстары жөнінде, ұлттық библиографияның бүгінгі күйі мен даму бағыттарын білуге, ұлттық ақпараттың ресустарының жүйесімен танысуға лайықты білімді оқып үйреніп, библиографиялық жұмыстар ұйымдастыру, библиографиялық қызмет көрсетудің технологиясы мен әдістемелеріне тән кәсіби дағдыларды игеруге, сондай-ақ, библиография саласындағы Халықаралық библиографиялық ынтымақтастықтың тарихы мен қазіргі жағдайын меңгеруге ықпалын тигізеді.

Библиографияның пайда болуының теориялық аспектісі

Библиографияның қалыптасуы, дамуы мәселесінің бүгінгі күнгі қарастырылу деңгейі

Библиография тарихындағы 3 кезең: Пинакографиялық; Библиографиялық; Ақпараттық.

Ұлттық библиография пайда болу тарихы , дамуы.

Қазақстандағы библиографияның пайда болуы

Қазақстанда библиографияның пайда болуы мәселесінің бүгінгі күнгі қарастырылу деңгейі. IX-XV ғасырлардағы қолжазбалық библиографиялық тізімдер. Олардың зерттелу дәрежесі.

Әл-Фарабидің “Ғылымдар жіктемесі” трактаты. Әбу Али Ибн Сина, Әбу Райхан Беруни, Ибн Абдаллах Якут, Әлішер Навой және т.б. оқымыстылардың еңбектеріндегі кітапханалар жайлы мәліметтер. Мұхамед Хайдар Дулатидің “Тарихи Рашиди” атты еңбегіндегі тарихи кітаптардың аты мен авторлары, шежірешілердің тізімі.

Европалық және орыс оқымыстыларының Қазақстанды танып білуінің бастаулары.

XIX ғасырдың екінші жарты жылдығы - XX ғасырдың басындағы Қазақстан библиографиясы

Революцияға дейінгі маңызды библиографиялық көрсеткіштер XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы орыс шығыстанушыларының Қазақстан мен Орта Азия библиографиясына қосқан үлестері П.П. Семенов-Тяньшанский, В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, И.В. Мушкетов, В.В. Бартольд және тағы басқаларды қол жазба, географиялық және тарихи- этнографиялық очерк, ғылыми еңбектерінде қазақтардың ұлттық тарихына, мәдениетіне, экономикасына, діні мен ағартуға қатысты мәселелердің бейнеленуі.

Ш. Уалиханов, С. Бабаджанов (этнограф), академик Л.С. Берг, өлкетанушы-зерттеуші В. Надзевский, архитекторлар т.б. еңбектері.

В.И. Межовтың “Түркістандық жинақ”, “Азия библиографиясы”, “Сібір библиографиясы” - Түркістан өлкесінің энциклопедиясы. Жинақ жасау тарихы. Орта Азия мен оған жақын жатқан мемлекеттерді танып білудегі жинақтардың рөлі.

“Түркестанские вести”, “Дала уалаяты” газеті мен басқа да мерзімдік басылымдардағы библиографиялық ақпараттар.

“Айқап” журналының “Библиография ғылыми мақалалар” бөлімі. Көркем әдебиет пен ғылыми еңбектердің үздіктерін тартудағы баспаның рөлі жайлы мақалалар, жаңа кітаптарға шолу, пікір беру және т.б.). Жергілікті басылымдар библиографиясындағы “Қазақ” газеті;

рөлі.

20-шы жылдардағы библиография ісі

Мемлекеттік баспаханалардың ұйымдастырылуы. Баспалық өнімдердің жүйелі түрде жариялануы. Оның ұлттық библиографияның қалыптасуына ықпалы.

Кеңестік Халық Коммисариатының “Библиографиялық істерді РСФСР-ға беру” қаулысы. Қазақ Өлкелік комитетінің “Кітапхана ісі жөніндегі” шешімі, “Еңбекші қазақ”, “Советская степь” газет беттеріндегі библиографиялық материалдар.

Түркістан мемлекеттік баспаханасының библиографиялық бөлімі Қазақ ғылыми комиссиясының (1921 жылдан бастап) ғылыми, көркем-оқулық әдебиеттерді жасау, жаңа әдебиеттерді рецензиялау, фольклорлық және этнографиялық материалдарды жинауға қатысты қызметі.

Сауда-жарнамалық библиографияның дамуы. Баспаханалық-каталогтар-20-30 жылдары кең тараған библиографиялық құрал. (Қазмембаспахананың шығыс бөлімшесінің кітаптар-каталогы, “Өлкетанулық газет және журналдар каталогы” т.с.с.). М.Дулатов бірінші қазақ библиографы “Қазақ тілінде шыққан кітаптардың көрсеткіштері” (1926-1927) атты алғашқы күрделі ретроспективтік құралдың авторы.

30-40 - жылдардағы Қазақстан библиографиясы

Елдегі әлеуметтік-экономикалық және мәдени жағдай мен оның кітап-басу және кітапхана ісіне әсері. Соғысқа дейінгі кезеңдердегі библиографиялық жұмыстарды ұйымдастыру.

Мерзімдік басылымдар мен “Қазақстанды оқып білу қоғамының еңбектері”, “Қазақстанды оқып білудегі Семейлік қоғам жазбалары” “Орал округінің библиографиясы” атты көрсеткіштері т.с.с. жекелеген жинақтардағы-өлкетанулық әдебиеттер.

Библиография саласындағы “өсу қиындықтары” (Республикада библиографияның ұйымдастырушылық-әдістемелік орталықтардың бастауы баспаханалық базалардың нашарлығы және басқалар).

Ұлттық кітапхананың библиографиялық бөлімін ұйымдастыру. Библиографиялық жұмыстардың негізгі бағыттары: өлкелік | анықтамалық-аппарат жасау, тарих, және т.б. мәселелерге қажетті қазақ тілінде материалдар жинау.

Республикалық Кітап палатасы-мемлекеттік библиография орталығы. Қазақстанның табиғи байлығын оқып үйренуге көмекші құрал ретінде көрсеткіштер жасаудағы ғылыми кітапханалар мен мекемелердің жұмысы.

Ғылыми-ақпараттық библиографияның дамуы. Өлкетанулық тақырыптамалар тізімі.

Ұлттық библиографияның дамытуындағы Н. Сабитовтың үлесі. Оның Қазақстан тарихы мен әдебиеті қазақ және орыс тілінде күрделі библиографиялық құралдарды әзірлеуі.

Соғыстан кейінгі жылдардағы Қазақстан библиографиясы

Республикадағы халық шаруашылығын қайта қалпына келтіру. ісі. Мәдени-ағарту мекемелері мен кітапханалардың жұмыстарын нығайту. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің “Кітапхана жұмыстарын жақсарту жайлы шаралары” (1947) және “Оқырман үй мен селолық кітапхана жұмыстарын жақсарту жайлы шаралары” (1947) қаулылары.

Республикалық кітапхананың ұсыныстық библиография саласындағы қызметі. Құралдардың тақырыптамалары мен типтері. Ауыл шаруашылығы қызметкерлеріне көмек көрсеткіштері. "Аудандық кітапхана каталогы".

50-60 жылдардағы баспасөздік туындылардың әртүрлі түрлерінің ағымдық библиографиялануы. Республикалық кітап палатасының қызметі ағымдық және ретроспективтік библиография орталығы ретінде.

Кітапхана ісі жайындағы қаулыдағы библиографияны ұйымдастыру мәселелері. (1959). Библиографиялық орталықтардың қызметін үйлестіру мен мамандандыру мәселелері.

Арнайы библиографияны ұйымдастыру мен дамыту, ғылыми-көмекші және ұсыныстық библиографияны жетілдірудегі кітапханалардың рөлін арттыру.

Қоғамдық ғылымдар, техника мен ауыл шаруашылығындағы ретроспективті библиография салаларындағы ғылыми арнайы кітапханалардың қызметі.

Ғылыми әдебиеттердің ретроспективті библиографиясының қалыптасуы. Қазақ Кеңестік әдебиеті бойынша А. Нарымбетовтың, Қазақ тіл білімі Ш.Ш. Сариевтің жасаған библиографиялық көрсеткіштері.

Ұсыныстық библиография. Республикалық кітапхана ұсыныстық библиография орталығы ретінде. Ұсыныстық библиографияның ^{ағ}артушылық және идеологиялық жұмыстардағы ролі. Облыстық және ғылыми-техникалық кітапханалардағы ұсыныстық-кітапханалық Қызметтің басталуы.

Ұсыныстық библиографияның бағыттарының қалыптасуы және оны кітапхана жұмыстарында пайдалану. Өлкетанымдық библиография. Тақырыптық көрсеткіштер және аталып өтілетін даталар күнтізбесі.

60-80 жылдардағы Қазақстан библиографиясы

Еліміздегі кітапхана ісі мен библиография, ғылыми-техникалық ақпарат жүйелерін ұйымдастыру салалары бойынша қабылданған маңызды шешімдер. Орта Азия және Қазақстан республикаларының кітапхана қызметкерлерінің съезі, жиналыстар мен семинарлар. «Универсальдық және ғылыми-техникалық кітапханалардың өзара әрекеттері жайлы Ереже» (1973) «Кітапхана ісі жөнінде Ереже» (1984) олардың мәні. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты мен Шымкент мәдениет институтында кітапхана мамандарын дайындау.

Ғылыми-техникалық ақпараттардың мемлекеттік жүйесінің қалыптасуы. МФТАЖ-ның орталық, аймақтық және төменгі орталықтары, олардың библиографиялық көрсеткіштері. Республикалық Кітап палатасы оның ақпараттық жүйедегі алатын орны. Қазақ МФТАИ ҚҒАЖБ библиография салаларындағы қызметтері.

Республикалық кітапхананың жан-жақты және салалық библиографияларды жетілдірудегі үлесі. Республикалық кітапхана және облыстық универсальдық ғылыми-кітапханалар жанынан мәдениет пен өнердің ақпараттық орталығының құрылуы.

Кітапханалар мен басқа да ұйымдардың библиографиялық қызметін орталықтандыру және үйлестіру.

Республикалық Кітап палатасының басылымдарын жетілдіру, ағымды жәнеретроспективті библиографиялаудағы

орталықтандырылған каталогизация мен белсенділікті арттыру жұмыстарын дамыту мәселелері. Мерзімді және жалғастырылмалы басылымдарды, сондай-ақ баспа өнімдерінің кейбір жекелеген түрлерін библиографиялау.

Ұсыныстық библиография. Ұсыныстық библиографиялық құралдардың жүйесін қалыптастыру мәселелері. Ұсыныстық көрсеткіштердің жаңа типтерін жасау.

Өлкетанулық библиография. Облыстық кітапханалар аймақтың ақпараттық-библиографиялық орталығы ретінде. Олардың библиографиялық қызметтеріндегі өлкетанулық бағыттар.

Қазақстан библиографиясына Г.П. Царевтің қосқан үлесі.

ҚР Ұлттық мемлекеттік Кітап палатасы - мемлекеттік библиография орталығы

ҚР Ұлттық Мемлекеттік кітап палатасының даму кезеңдері және негізгі бағыттары

ҚР Ұлттық Мемлекеттік кітап библиографиялық ресурстар түрлері: Ағымдағы, ретроспективтік, перспективтік библиография. ҚР Ұлттық Мемлекеттік кітап палатасы - Халықаралық стандарттық нөмірлер (ISBN, ISSN, ISMN) тағайындайтын мемлекеттік библиографиялық ғылыми орталық.

Франция, Германия елдеріндегі ұлттық библиографияның қалыптасуы

Германиядағы ұлттық библиографияның қалыптасуындағы маңызды кезеңдер. Франция мен Германиядағы ұлттық библиографияның негізгі ерекшеліктері . Француз ұлттық библиографиясының алғашқы түрлері мен олардың қолданылу саласы. Германиядағы баспа өнімдерін тіркеу және библиографиялық есепке алу жүйесінің дамуы. Францияда ұлттық библиографияны қалыптастыруда заңдар мен Германияның ұлттық библиографиясында ақпараттық технологиялардың енгізілуінің жүзеге асырылуы. Француз және неміс ұлттық библиографиясының қазіргі заманғы құрылымы. Бұл елдердің ұлттық библиографияларының халықаралық стандарттарға сәйкестігі. Франциядағы кітап басу ісі мен ұлттық библиографияның өзара байланысының дамуы. Германиядағы ұлттық библиографияның тарихи дамуын зерттеген ғалымдар. Франция мен Германияның ұлттық библиографиясы Еуропалық ақпараттық кеңістікке ықпалы. Француз және неміс ұлттық библиографияларында электронды ресурстарды тіркеудің жүргізілуі. Бұл елдердегі ұлттық библиографияның қазіргі дамуындағы өзекті мәселелер. Францияда ұлттық библиографияның қалыптасуындағы негізгі тарихи кезеңдер. Германиядағы ұлттық библиографияның даму тарихында басты рөл атқарған мекемелер мен тұлғалар. Француз ұлттық библиографиясының қалыптасуына әсер еткен алғашқы заңдар мен нормативтік актілер. Германияда ұлттық библиографияны дамытуда кітап басу ісінің рөлі. Францияның ұлттық библиографиясында библиографиялық ақпаратты ұйымдастырудың ерекшеліктері. Германияның ұлттық библиографиясының құрылымы мен оның негізгі элементтері. Францияда кітап басу ісі мен ұлттық библиография арасындағы өзара байланыстың дамуы. Германиядағы ұлттық библиографияның дамуындағы ақпараттық технологиялардың рөлі. Франциядағы және Германиядағы ұлттық библиографиялардың халықаралық стандарттарға сәйкесті. Екі елдің ұлттық библиографияларының заманауи электрондық нұсқаларының ерекшеліктері. Францияда библиографиялық ақпаратты жинау және тарату жүйелері. Германияның ұлттық библиографиясында кітапхана жүйесінің орны. Франция мен Германиядағы ұлттық библиографиялардың тарихи дамуы. Екі елдің ұлттық библиографиясының Еуропалық ақпараттық кеңістіктегі рөлі.

Англия мен Америка Құрама Штаттарындағы Ұлттық библиография

Англиядағы Ұлттық библиографияның пайда болуы мен дамуының негізгі кезеңдері. Америка Құрама Штаттарындағы Ұлттық библиографияның

қалыптасуына әсер еткен тарихи оқиғалар. Англиядағы Ұлттық библиографияның негізгі қызметтері. Ұлттық библиография жүйесі АҚШ-тағы кітапханалар жұмысына ықпалы. Англия мен АҚШ-тағы Ұлттық библиографияның арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар. Англиядағы British National Bibliography (BNB), оның қазіргі заманғы рөлі. АҚШ-тағы Library of Congress Cataloging in Publication (CIP) бағдарламасының ерекшеліктері. Ұлттық библиографияның Англия мен АҚШ-та кітап және ақпарат индустриясына әсері. Ұлттық библиография деректер базасын құруда қолданылатын заманауи технологиялар. Англия мен АҚШ-та Ұлттық библиографияның халықаралық стандарттарға сәйкестігінің қамтамасыз етілуі. Ұлттық библиография мен авторлық құқық арасындағы байланыс. АҚШ пен Англиядағы библиография саласындағы жетекші ұйымдар, олардың рөлі. Англия мен АҚШ-тағы цифрлық библиографияның дамуының ерекшеліктері. Ұлттық библиографияның халықаралық ақпарат алмасу жүйесіндегі орны. Англия мен АҚШ-тағы Ұлттық библиографияның білім беру саласына тигізген ықпалы.

Азия елінің ұлттық библиографиясы. Үндістан мемлекетіндегі ұлттық библиографиясының қалыптасуы мен дамуы, ерекшеліктері

Ұлттық библиография тұжырымы. Оның негізгі мақсаты мен қызметі. Үндістанның ұлттық библиографиясының негізгі кезеңдері. Тарихи даму кезеңдері. Үндістанда ұлттық библиографияның қалыптасуына әсер еткен негізгі факторлар. Отаршылдық кезеңдегі және тәуелсіздік алғаннан кейінгі ерекшеліктері. Үндістанның ұлттық библиографиясының халықаралық стандарттарға сәйкестігі. Ондағы библиографиялық сипаттамаларға қойылатын талаптар. Үндістан ұлттық библиографиясының құрылымдық ерекшеліктері. Оның негізгі бөлімдері. Ұлттық библиографияны құрудағы Үндістандағы жауапты мекемелер. Олардың функциялары. Үндістандағы ұлттық библиографияның цифрландырылуының қазіргі жағдайы. Оның артықшылықтары мен қиындықтары. Үндістан ұлттық библиографиясында пайдаланылатын тілдік ерекшеліктер. Көптілділіктің библиографияға әсері. Үндістандағы ұлттық библиографияның әлемдік ақпарат кеңістігіне ықпалы. Оның халықаралық деңгейдегі маңыздылығы.

Библиография саласындағы халықаралық ұйымдардың қызметі және ерекшелігі

Библиография саласындағы халықаралық ынтымақтастық тарихындағы негізгі кезеңдері. Бельгиялық ғалымдар П.Отле мен А. Лафонтеннің рөлі. ЮНЕСКО, ИСО, ХФОК (Халықаралық ғылыми одақтар кеңесі) және басқа да халықаралық ұйымдардың пайда болуы, маңызы. Халықаралық библиографиялық институт (ХБИ), Біріккен Ұлттар Ұйымының ғылым, мәдениет, білім жөніндегі ұйым (ЮНЕСКО); Кітапхана қауымдастықтары мен мекемелерінің халықаралық федерациясы (ИФЛА), Халықаралық құжаттама федерациясы (ФИД); Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым (ИСО); Халықаралық ғылыми және техникалық ақпарат орталығы (ХФТАО); Еуразия кітапханалық Ассамблеясы

(ЕКА) библиографиялық қызметке қосқан үлесі және халықаралық ұйымдардың библиографиялық қызметті дамытудағы рөлі.

Дүниежүзілік ақпараттық-библиографиялық бағдарламалар және жүйелер: ЭБЕ, МАРК, ЮАП, ЮНИСИСТ, НАТИС, ОИП, «Әлем жады».

Әмбебап библиографиялық репертуар (ӘБР) тұжырымдамасы; Әмбебап библиографиялық есеп (ӘБЕ) ӘБЕ бағдарламасын іске асыру барысында библиографиялық ақпаратпен алмасу үшін бірыңғай стандартты машинамен оқылатын форматта қажеттілік; УБУ/ЮНИМАРК бағдарламасы аясындағы жұмыстың негізгі бағыттары; Жарияланымдардың жалпыға бірдей қолжетімділігі (ЮАП) бағдарламасының тұжырымдамасы; Мерзімді басылымдар туралы халықаралық мәліметтер жүйесі (ИСДС); Ұлттық ақпараттық жүйелер (НАТИС) негізгі принципі; Барлығына арналған ақпарат" (ОИП) бағдарламасы және ОИП шеңберіндегі қызметтің негізгі бағыттары. Әлемдік библиографиялық бағдарламалар мен жүйелердің жалпы сипаттамасы. ЭБЕ (Әлемдік библиографиялық есеп) жүйесінің мақсаты мен қызметтері. MARC форматының құрылымы және оны қолдану салалары. ЮНЕСКО бағдарламаларының ішінде «Әлем жады» жобасының маңызы. ЮНИСИСТ бағдарламасының негізгі принциптері және оны ғылыми ақпараттық алмасуда қолдану ерекшеліктері. ЮАП (ЮНЕСКО ақпараттық бағдарламасы) шеңберіндегі халықаралық ынтымақтастық. НАТИС жүйесінің ұлттық және халықаралық деңгейдегі рөлі. Халықаралық ақпараттық жүйелердің даму тенденциялары. Әлемдік ақпараттық-библиографиялық жүйелердің технологиялық даму кезеңдері. Халықаралық бағдарламалардың мәдени мұраны сақтау процесіндегі рөлі. «Әлем жады» жобасының Қазақстанда жүзеге асырылу мысалдары. Бағдарламалар арасындағы өзара байланыс. ЭБЕ және MARC жүйелерінің өзара байланысы және интеграциясы. ЮНИСИСТ пен НАТИС жүйелерінің бір-бірімен үйлесімділігі. ОИП (Өнеркәсіптік ақпарат жүйесі) жүйесінің негізгі ерекшеліктері және басқа жүйелермен байланысы. Бағдарламаларды қолдану және тәжірибе мәселелері. Әлемдік бағдарламалардың электронды құжат айналымындағы маңызы. Ақпараттық жүйелерді дамытудың ұлттық кітапханаларға әсері. Халықаралық ақпараттық жүйелердің артықшылықтары мен кемшіліктері. Әлемдік бағдарламалардың болашақ даму бағыттары. Ақпараттық-библиографиялық жүйелердің цифрлық трансформациясы.

ЕМТИХАНҒА ДАЙЫНДАЛУ ҮШІН ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

Әдебиеттер:

Негізгі:

1. Ақшал, М.А. Қазақстанның тарих библиографиясының кейбір мәселелері [Мәтін]: 1991- 2007жж. // Кітапханатану. Библиография. Кітаптану: мақалалар жинағы \ҚР ұлттық кітапханасы.- Алматы, 2008. 20 шығ.-3-10 б.

2. Глухов А.Г. Судьбы древних библиотек [Текст] / А.Г.Глухов.-М.: Либерия, 1993.-160 с.

3. Ахметова С, Ақшалова М. Кітапханадағы библиографиялық жұмыс; ұйымдастыру мен методика.- Алматы: Ана тілі, 1993.-152 б.

4. Бердигалиева, Р.А. Стратегические императивы развития и модернизации библиотек // Кітапхана әлемі. – 2006.- № 3. – С.6-9.

5. Бердығалиева Р.А. Будущее национальной библиографии Казахстана // Кітапхана.-1994.- № 3.- С. 14-23.

6. Библиотечное дело в Казахстан: 1918-1945: Сб. док. и материалов. – Алматы, 1990. – 189 с.

7. Библиотечное дело в Казахстан: 1946-1975: Сб. док. и материалов. – Алматы, 1991. – 218 с.

8. Библиотеки Казахстана XXI века: Материалы II съезда библиотечных работников РК, 15-17 окт. 1998 // Библиотечная ассоциация РК. – Алматы, 1999. – 164 с.

9. Байбосынова А.Т. Қазақстан библиографиясының қайраткерлері. - Алматы: ҚР Ұлттық кітапхана Вохрышева М.Г. Библиография в системе культуры. - Самара: 1993.-164 б.

10. Елеуқенов Ш. Қазақтың ата библиографы // Кітапхана әлемі, 2003. - № 3.- Б. 10.

Қосымша:

1. Байбосынова А.Т. Қазақстан библиографиясының қайраткерлері [Мәтін]: жоғарғы оқу орнына арн. - Алматы: ҚР Ұлттық кітапханасы, 1998. –106 б.

2. Галиев, В.З. Библиотечное дело в Казахстане: Вторая половина XIX века. – Алматы, 1998. – 139 с.

3. Қазақстандағы кітапханатану ісі және библиография [Мәтін].- Алматы. – 2007. – 159 б.

4. Библиографическая деятельность библиотек: программа курса и метод. указания для студентов высш. учеб. заведений специальности 05.27.00 «Библиотековедение и библиография» / сост. М. Ф. Кряжева; Тюмен. гос. ин-т искусств и культуры, 2002. - 52 с

Шетелдік библиография.

1. Гудовщикова, Ирина Васильевна. Общая иностранная библиография : [учебник для библ. фак. ин-тов культуры и пед. вузов] / И. В. Гудовщикова, К. В. Лютова. - М. : Книга, 1978. - 224 с. - URL: <http://elib.kaznu.kz/order-book>. 2 экз.

2. Моргенштерн, Исаак Григорьевич. Общее библиографоведение : учебное пособие / И. Г. Моргенштерн. - Изд. 6-е, стер. - Санкт-Петербург ; Москва ; Краснодар : Лань : Планета музыки, 2024. – 207 с. 2 экз.

3. Симон, Константин Романович. История иностранной библиографии : монография / К. Р. Симон. - 2-е изд., испр. - М. : ЛКИ, 2010. - 735, [3] с. - URL: <http://elib.kaznu.kz/book/4671>. 2 экз.

4. **Симон, Константин Романович.** Библиография : основные понятия и термины / К. Р. Симон. - 3-е изд. - М. : ЛКИ, 2011. - 158, [2] с. - URL: <http://elib.kaznu.kz/book/4670>.

5. Гудовщикова ИВ. Общая иностранная библиография : [учебник для библ. фак. ин-тов культуры и пед. вузов] / И. В. Гудовщикова, К. В. Лютова. - М. : Книга, 1978. - 224 с. - URL: <http://elib.kaznu.kz/order-book>.

6. Жоголева Л.Н. Иностранная библиография: учеб.-метод. пособие .- Волгоград, 2012. – 261 с.

7. Гречихин, А.А. Общая библиография: учебник для ВУЗов. М.: МГУП, 2000.

8. Коготков, Д.Я. Библиографическая деятельность библиотеки: организация, управление, технология: учебник / Д.Я. Коготков. - СПб.: Профессия, 2003. - 304 с.

9. Диомидова Г.Н. Библиографоведение: учебник для средних профессиональных учеб. заведений / Г. Н. Диомидова. - СПб. : Профессия. - 2002. - 288 с.

10. Вохрышева, М. М. Теория библиографии : учеб. пособие / М. Г. Вохрышева. - Самара : Изд-во СГАКИ, 2004. - 368 с.

11. Грузинова, Л.Б. Иностранная библиография: учебное пособие.- М.:Издательство МГАП «Мир книги», 1997.-164с.

12. Полатовская, И.Л. Общее библиографоведение: отечественное и зарубежное: учебник. – СПб: СПбГАК, 1996.-267с.

Қосымша:

Веревкина, А.Н., Симонова, Е.Г. Всемирные информационно-библиографические системы: Лекция. – М., 1985. – 35 с.

.Брейдемас, Д. Мировое сообщество и возможности библиографического сотрудничества. – М.: НПО Книга ЛТД, 1999. – 176 с.

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

Пәннің ID және атауы: 101760 Қазақстан және шетелдік библиография

Форма: Стандартты. Жазбаша (офлайн). **Платформа:** Univer АЖ

№	Критерий/ Балл	ДЕСКРИПТОРЫ				
		«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
		90-100 бал	70-89 бал	50-69 бал	25-49 бал	0-24 бал
1 сұрақ 30 балл	Зерттелген материалды меңгеруі. Курстың теориясы мен тұжырымдамасын білуі және түсінуі	Материалды жүйелі және терең бағдарламада көзделген курс материалын еркін бағдарлай білу. Әр тұжырым мен қорытындының егжей-тегжейлі дәлелдерін қамтитын, логикалық және дәйекті түрде құрылған,	Студент оқу-бағдарламалық материал туралы толық білімін көрсетеді. Барлық жауап толық, бірақ кейбір мәселелерді толық емес қамтиды, негізгі ережелердің қысқартылған дәлелдерін қамтитын жауап үшін қойылады, материалдың ұсынудың	Билетте ұсынылған сұрақтардың толық емес жариялануын қамтитын жауап үшін қойылады, негізгі ережелерді үстіртін жасау. дәлелдейді, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінің бұзылуына жол береді, теориялық ережелерді аудиториялық сабақтардың әзірленген	Қойылған сұрақтарды дұрыс жарияламау, қате дәлелдеу, дұрыс емес қорытынды жасау.	Тапсырмада көзделген тапсырмаларды орындауда түбегейлі қателіктер жіберу. Негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

		аудиториялық сабақтарда өткен тақырыптарының мысалдарымен расталған жауап үшін қойылады.	логикасы мен дәйектілігінде кәте жіберіледі. Жауапта стилистикалық кәтеліктер, терминдердің дұрыс қолданылмауы мүмкін.	конспектілерінің мысалдарымен суреттемейді.		
2 сұрақ 30 балл	Алған білімдерін пайдалана білуі. Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану	Студент зерттелетін тапсырма мәселелерінің мәнін терең ашу. Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа толық дәлелді жауап, курстың практикалық мәселелерін шешу.	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, курстың практикалық міндеттерін толық шешпей қойылған сұраққа толық емес, дәлелді жауап беру; курс бойынша ғылыми тіл нормаларын сауатсыз пайдалану.	Материал фрагменттелген, логикалық дәйектілікті бұзатырып, нақты және семантикалық дәлсіздіктерге жол беріледі, курстың теориялық білімі үстіртін қолданылады.	Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі немесе жеткілікті ойластырылмаған жауап жоспары; тапсырмаларды шеше алмау, тапсырмаларды жалпы түрде орындау; нормадан асатын кәтеліктер мен кемшіліктерді қабылдау.	Емтихан билетінің сұрағының мәні бойынша жауап бермеу. Тапсырмаларды шешу үшін білімді, алгоритмдерді қолдана алмау; қорытынды және жалпылау жасай алмау. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.
3	Таңдалған	Оқу	Тұжырымдама	Негізделген	Тапсырма	Тапсырма

<p>сұрақ</p> <p>40</p> <p>балл</p>	<p>әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі</p>	<p>тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа толық дәлелді жауап, курстың практикалық мәселелерін шешу; Ғылыми ережелер, қолданылған әдістеме мен технологияның дәйекті, қисынды және дұрыс негіздемесі, сауаттылық, ғылыми тілдің нормаларын сақтау, тұжырымдарға әсер етпейтін материалды ұсынуда 1-2 дәлсіздікке жол беріледі.</p>	<p>лық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жалпы деңгейіне әсер етпейді.</p>	<p>ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер, сондай-ақ практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлсіздіктер болуы</p>	<p>өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға толық емес, тұлжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылды.</p>	<p>орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады.. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.</p>
---	--	---	---	--	---	--